

А. Еркешқызы, 2-курс
Ғылыми жетекшісі: А. А. Сәлімов, басқарма және психология кафедрасы-
ның аға оқытушысы
(ҚР ІІМ Ақтөбе заң институты)

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ЖЕКЕ ҚҰРАМЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТІК ТӘРТІПТЕРІН ЖАҚСАРТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Ішкі істер органдарындағы қызметтік тәртіп әрбір қызметкерді Қазақстан Республикасының Конституциясын және басқа заңдарды сақтауды, бұйрықтарды және өз қызметтік міндеттерін адал орындауды, бастықтарға және атақтары жоғарыларға құрмет көрсетуді, бекітілген тәртіпті нығайтуға, нысанды киім киюді сақтауға, сонымен қатар қиындықтарды шыдамды жеңуді, адал, батыл, елегіш болуды, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандығын бірдей құрметтеуді және сақтауды, үнемі өз кәсіби шеберлігін жетілдіруді міндеттейді¹.

Ішкі істер органдарындағы қызметтік тәртіп қызметкердің тәртіптілігімен және жеке тәртіптілігімен түсіндіріледі, яғни қызметтік борышты саналы қарым-қатынаспен орындауға және тапсырылған жұмысына жеке жауапкершілікпен қарауға бағыттайды.

«Қызметтік тәртіп» және «заңдылық» ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты. ІО қызметкері қызметтік міндеттерін орындай отырып, заңдылықтың талаптары негізінде әрекет етуге міндетті. Оның маңыздылығы ІО қызметкерлерімен, сонымен қатар лауазымды адамдармен және азаматтармен заңдарды және заңдарға сәйкес актілерді бұлжытпай орындауда жатыр.

Әрбір қызметкерде өзіне ғана тән қайталанбайтын өзгешілігі болады.

Ішкі істер органдары қызметіне адамдар әскерден кейін немесе ІІМ жоғарғы және арнайы орта, азаматтық жоғары оқу орындарын аяқтағаннан кейін келеді, әрбір қызметкердің жеке өмір тәжірибесі, қылықтары, қарым-қатынас дағдылары болады. Мұнда қызметкердің отбасылық, мектепте алған тәрбиесі және оның бұрынғы ұжымы, оқыған орны ерекше рөл атқарады.

Әрбір үміткер ІО қызметіне келген кезде қызмет өткерудің талаптарымен, жағдайларымен, міндеттерімен және ережелерімен танысып, қол қояды. Міне осы кезден бастап қызметтік тәртіпті орындауға тиісті, яғни осы уақыттан бастап келген қызметкердің оқу жүйесі даярлығы басталады. Кейінен әлгі жас қызметкерден шебер қызметкер болуы керек.

Қызметтік тәртіпті сақтау мақсатында ішкі істер органдарының басшылары міндетті:

– бағынысындағылардың жеке қасиеттерін зерделеу, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы № 1644 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасы ІО қатардағы және басшы құрамының адамдарымен қызмет өткеру туралы» Ережесімен белгіленген қарым-қатынас тәртібін сақтау, ұжымды біріктіру;

– жүйелі есепке алу және талдау негізінде қызметтік тәртіптің ахуалын, ұжымдағы моральдық-психологиялық климатты бақылау, біркелкі түсінікті және бағынысындағылармен талаптарды, қызметтік тәртіпті нығайтудың міндеттерін және әдістерін орындауға қол жеткізу;

– қызмет өткерудің тәртібін бұзушылықтарды анықтауға және шеттетуге, олардың пайда болу себептері мен жағдайларына шаралар қолдану;

– құқықтық насихаттауды ұйымдастыру және құқық бұзушылықты және қызметтік тәртіпті бұзуды алдын алу бойынша жұмыстар жүргізу,

– қызметкерлерде абырой, ар-намыс және парыз қасиеттерін сақтау және дамыту, жария және қоғамдық пікірлерді терең ескере отырып, әлеуметтік әділетсіздік фактілеріне шыдамсыздық қарым-қатынас тудыру.

Бұл процесс тұрақты және ұзақ, ол тек қана ішкі істер органдарынан кеткеннен кейін ғана аяқталады².

Тәртіптің басты міндеті — біртұтас ретінде әрекет ететін бір мақсатқа жетуге, қойылған міндетті атқаруға бағытталған ұйымдасқан ұжымдағы біріккен адамдар тобы.

Тәртіп екі түрге бөлінеді: қызметкер және ұжым.

Бұлар, аталып өткендей, себептері сияқты бір процесті құрайды және оларды жеке алып қарастыруға болмайды, себебі олар бір-біріне әсер етеді.

Қызметкердің тәртібі әрбір қызметкермен жеке жұмыс істеудің тәрбиелік сипатының шаралар жүйесі болып табылады.

Бұл жұмыстың көрсеткіші бөлімшенің қызметкерімен жасалатын оң және теріс әрекеттеріне жүйелі талдауды талап ететін тәртіптік тәжірибе болып табылады.

Тәртіптік жауапкершілік қызметкерлермен қызметтік міндеттерді орындау кезінде тәртіптік теріс қылық жасауда олардың заңдық жауапкершілік түрі.

Тәртіптік теріс қылық бұл қылмыскерлермен оларға жүктелген міндеттерді құқыққа қарсы, айыпты орындамау немесе дұрыс орындамау, лауазымдық өкілетті асыра қолдануы, қызметтік тәртіпті және ПО қызметкерінің Ар-намыс кодексін бұзушылық, сыбайлас жемқорлық үшін жағдай тудыратын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және құқық бұзушылық жасау болып табылады, бірақ қылмыстық-жазалаушы әрекет белгісі болмаса, сонымен қатар қызметке келумен байланысты «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заңымен белгіленген шектеулерді сақтамауы болып табылады. Тәртіптік жазаға тарту бұл лауазымдық өкілетке сәйкес құқығы бар адаммен тартылатын тәртіптік жауапкершілік шарасы³.

Мемлекетіміздің Президенті Н. Ә. Назарбаев өз Жолдауында құқық қорғау органдарының қызметіндегі басты бағыт қазақстандықтардың құқықтарын әділ және тиімді қорғауды, қылмыстың алдын алу және жолын кесуді күшейтуді қамтамасыз ету керектігін атап өткен. Бұны біз тек қана әскери-қызметтік тәртіпті қатаң сақтау кезінде ғана қол жеткізе аламыз, себебі бұл қойылған міндеттерді атқаруда өте маңызды болып табылады.

¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995. 30 тамыздағы (21 мамыр 2007 жылғы өзгертулер мен толықтырулар енгізу).

² «Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңы (29 желтоқсан 2004 ж. өзгертулер мен толықтырулар енгізу).

³ «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі № 453 Заңы (08.12.2009 ж. өзгертулер мен толықтырулар енгізу).